

**Байғанин аудандық мәслихатының
2009 жылғы 24 шілдедегі №103
«Байғанин ауданы бойынша салық
салу мақсатында жер салығының
базалық ставкаларына түзету
коэффициенттерін бекіту туралы»
шешімін күші жойылды деп
тану туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 7-бабына сәйкес Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 шілдедегі №103 «Байғанин ауданы бойынша салық салу мақсатында жер салығының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-4-83 болып тіркелген, 2009 жылғы 10 қыркүйекте аудандық «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) шешімі күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.